

**Қостанай облысы Сарыкөл ауданының Веселый Подол ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің Қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 2014 жылғы 8 тамыздағы № 197 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 19 тамызда № 5012 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 10 сәуірдегі № 155 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 10.04.2018 № 155 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Сарыкөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы Сарыкөл ауданының Веселый Подол ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің Қағидалары бекітілсін.

2. Қостанай облысы Сарыкөл ауданының Веселый Подол ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен тыс сессияның төрағасы,  
аудандық мәслихат хатшысы*

*А. Қарашолақов*

**КЕЛІСІЛДІ:**

Қостанай облысы

Сарыкөл ауданының Веселый Подол

ауылдық округінің әкімі

\_\_\_\_\_ Қ. Аликбашев

Сарыкөл аудандық мәслихатының  
2014 жылғы 8 тамыздағы  
№ 197 шешімімен бекітілген

## **Қостанай облысы Сарыкөл ауданының Веселый Подол ауылдық округінде бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қостанай облысы Сарыкөл ауданының Веселый Подол ауылдық округінде Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленді және Веселый Подол ауылдық округ ауыл тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Веселый Подол ауылдық округінің аумағындағы ауылдардың тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

## **2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиынды Веселый Подол ауылдық округінің әкімі шақырады.

Сарыкөл ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Веселый Подол ауылдық округі ауылдарының шегінде бөлек жиынды өткізуді Веселый Подол ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында Веселый Подол ауылдық округінің қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Веселый Подол ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Веселый Подол ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Веселый Подол ауылдық округі ауылдарының тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Сарыкөл аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Веселый Подол ауылдық округі ауылдарының тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қойып оны Веселый Подол ауылдық округі әкімінің аппаратына береді.

Сарыкөл аудандық мәслихатының  
2014 жылғы 8 тамыздағы  
№ 197 шешіміне қосымша

### **Қостанай облысы Сарыкөл ауданының Веселый Подол ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

Елді мекеннің атауы	Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Веселый Подол ауылдық округінің ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Веселый Подол ауылдық округінің Веселый Подол ауылының тұрғындары үшін	14
Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Веселый Подол ауылдық округінің Ананьевка ауылының тұрғындары үшін	2